

«Ж»

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілді
2021 жылғы «08» қазандағы №2 хаттама

**2022-2026 жылдарға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік
қоғамының корпоративтік даму стратегиясы**

Кіріспе

2022-2026 жылдарға «БЖЗҚ» АҚ корпоративтік даму стратегиясы 2012 жылғы «Қазақстан-2050» мемлекеттік стратегиясында, 2014 жылғы 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін әрі қарай жаңғырту тұжырымдамасында (бұдан әрі – Тұжырымдама), 2020 жылғы 2020-2025 жылдарға Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасында анықталған әлеуметтік саясат қағидаттарына сәйкес әзірленді және «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі 11.10.2017ж. (№ 5 хаттама) бекіткен 2017-2021 жылдарға «БЖЗҚ» АҚ корпоративтік даму стратегиясында анықталған негізгі даму бағыттарының жалғасы.

Тұжырымдама мақсаты – зейнет жасында лайықты өмір сүру деңгейі үшін дұрыс зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін зейнетақы жүйесін жаңғырту. Тұжырымдама аясында іске асырылатын шаралар 2030 жылға дейін жиынтық зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі кемінде 35 жыл және аударым жиілігі жылына 12 рет (халықаралық стандарттар деңгейінде) болған кезде айырылған табыстан кемінде 40% деңгейінде сақтауды қамтамасыз етуге арналған.

Тұжырымдама зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігін мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында бөлуді көздейді. Мемлекет азаматтарға базалық ең төменгі зейнетақы деңгейіне кепілдік береді. Қызметкерлер жұмыс берушілердің көмегімен жеке зейнетақы жинақтарын қалыптастырады, бұл ретте әрбір қызметкердің жинақ мөлшері өзінің жеке еңбек үлесіне байланысты. Қазақстанда көпдеңгейлі және көпкомпонентті жүйе іске асырылған. Бірінші деңгей мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін (ортақ және базалық зейнетақы төлемдері) қамтиды. Екінші деңгей міндетті жинақтаушы жүйені білдіреді, ол қызметкерлердің 10% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және жұмыс берушілер еңбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын тұлғалар пайдасына төлейтін 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдерін қамтиды. Үшінші деңгей – ерікті жинақтаушы жүйе, ол жеке және заңды тұлғалардың ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдерін қамтиды.

Қазір азаматтардың жиынтық зейнетақысында мемлекеттік бюджеттен жасалатын ортақ зейнетақы төлемдері көбірек, себебі қазіргі зейнеткерлердің басым бөлігінің елімізде алғаш жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілген 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі елеулі. Сонымен, 2020 жылғы барлық зейнетақы алушы бойынша еңбек табысын жиынтық зейнетақымен алмастыру коэффициентінің (АК) орташа көрсеткіші – 56%, оның ішінде 45% мемлекеттік бюджет қаражатының есебінен (ортақ және базалық зейнетақы) және 11% МЗЖ есебінен құралатын БЖЗҚ-дағы азаматтардың жеке зейнетақы жинақтарының есебінен құралып отыр. МЗЖ есебінен зейнетақының жинақтаушы компоненті үлесінің көп болмауы, негізінен, азаматтардың зейнетақы жинақтарының қалыптасу мерзімінің әлі толық болмауына байланысты. Қатысушы зейнетақы жинақтарының қалыптасуының толық циклы – 40 жыл. Зейнетақының ортақ компонентінің объективті қысқаруына және жинақтаушы компонентінің дамуына қарай зейнетақы жинақтары есебінен төлемдердің жиынтық зейнетақыдағы үлесі халықаралық стандарттарға жуық зейнетақымен қамсыздандырудың дұрыс деңгейіне жету үшін арта түсетін болады, осыған орай зейнетақының жинақтаушы компонентінің рөлі де өседі.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің (екінші және үшінші деңгей) жалғыз басқарушысы – «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор).

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ акцияларын сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жүзеге асырады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ (ұйғарым бойынша басқарушы) және 2021 жылдан бастап салымшының таңдауы бойынша инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) жүзеге асырады.

БЖЗҚ салымшыларға және алушыларға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша кеңес береді, МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ тартуды жүзеге асырады, зейнетақы жинақтарын дербес есепке алуды жүргізеді және зейнетақы төлемдерін жасауды қамтамасыз етеді.

2020 жылдың мамыр айында жарияланған The Allianz Group¹ халықаралық ұйымының есебінде әлемнің алдыңғы қатарлы зейнетақы жүйелерінің рейтингі берілді. Рейтинг экономикалық және демографиялық факторлар, зейнетақымен қамсыздандыру жүйелерінің тұрақтылығы мен дұрыстығы сияқты белгілер бойынша жасалған. Allianz зейнетақы рейтингінде Қазақстан 70 елдің арасында Израиль, Швейцария, Германия, Франция, Сингапур және басқа да алдыңғы қатарлы елдерді басып озып, 20-сыншы орында тұр. Бұл елімізде таңдалған зейнетақымен қамсыздандыру үлгісінің және 2014 жылы Тұжырымдамен анықталған әрі қарай дамыту бағыттарының тиімділігін растап отыр.

1. Миссия, таным, құндылықтар

Миссия

Зейнетақы жинақтарын сенімді есепке алу және әрбір салымшыға қолжетімді, сапалы зейнетақы қызметтерін көрсету

Таным

Жинақтаушы зейнетақыны қалыптастыру мен жоспарлаудың дербес тәсілімен жоғары технологиялық қаржы институты

Құндылықтар

Адамды және тұтынушыны бағдар тұту – Қор үшін өзіне тән даралығымен адам бірінші кезекте. БЖЗҚ клиенттерінің мүддесі аса маңызды, Қор зейнетақы қызметтерінің қолжетімді, түсінікті, уақытылы, тұтынушылардың қазіргі және келешектегі қажеттіліктеріне сай болуы үшін қолдан келгеннің барлығын жасайды.

Сапаға бейімділік – белгіленген сапа стандарттарын сақтайтын Қор мақсаттары мен құндылықтарын бөлісетін кәсіпқойлар командасының үйлестірілген жұмысы.

Технологиялылық – Қор өз қызметінде заманауи технологияларды қолданады, Қор қызметкерлерінің құрамы үнемі ізденіс үстінде және уақыт талғамы мен талабына дайын болу үшін жаңа білім мен дағдылар қолданады.

Сенімділік – Қор корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтауды мақсат тұтады, өз қызметін қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған аяда жүзеге асырады.

Жауапкершілік – БЖЗҚ басшылығы мен қызметкерлері салымшылар және зейнетақы жинақтарын алушылар алдында Қор қызметін үнемі жетілдіріп отыруға, ресурстарды үнемді әрі ұтымды пайдалануға жауапты.

Ашықтық – Қор жұртшылықпен қарым-қатынас жасау үшін ашық, зейнетақы жинақтарының жай-күйі мен өзінің ағымдағы қаржылық жағдайы жайлы мәліметтерді ашық ақпарат көздерінде әрдайым жариялап отырады.

2. Мақсаттар мен міндеттер

1. Үздік әлемдік тәжірибені ескеріп зейнетақы қызметтерін көрсету мен әрбір қатысушымен қарым-қатынас жасаудың дербес тәсілі

1.1. Жеке қажеттіліктерін ескере отырып, салымшылармен және алушылармен қарым-қатынас жасау арналарын дамыту және жаңғырту

1.2. Дербес кеңес беру мен хабарландыруды дамыту

1.3. Белгіленген сапа стандарттарын сақтау және Қор үдерістерін жетілдіру

2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері және БЖЗҚ қызметінің басқа бағыттары бойынша жұртшылықпен және БЖЗҚ контрсеріктестерімен тиімді қарым-қатынас жасау

¹ The Silver Swan. Allianz Pension Report 2020

- 2.1. Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы және БЖЗҚ қызметінің басқа бағыттары бойынша халықтың хабардар болу деңгейін арттыру, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген халық сенімін нығайту
- 2.2. Зейнетақы жарналарын төлеушілермен-агенттермен қарым-қатынас жасау
- 2.3. Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасау
- 2.4. БЖЗҚ-ның басқа контрсеріктестерімен қарым-қатынас жасау

3. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін әрі қарай дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу және заңнаманы іске асыру

- 3.1. Ақпараттық-статистикалық база қалыптастыру, ЖЗЖ-ны әрі қарай дамыту бағыттары бойынша сараптау жүргізіп, ұсыныстар әзірлеу үшін актуарлық үлгілеу құралдарын жетілдіру
- 3.2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жаңа компонентін – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын ендіру
- 3.3. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім аясында Құзыретті орган ретіндегі БЖЗҚ қызметтерін жүзеге асыру
- 3.4. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру өлшемдері мен тетіктерін жетілдіру

Басқарма Төрағасы

Ж. Курманов